

2018 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша облыс білім беру жүйесінің жағдайы мен 2019 жылға қойылатын міндеттер

Кіріспе

Павлодар облысы – бұл көп салалы өндірістік кешені бар Қазақстанның ірі индустрия орталығы. Өңірдің одан әрі дамуы үшін бізге тұлғаның басты функционалдық қабілеттерін меңгерген өмір сүрудің әртүрлі саласындағы білікті кадрлар қажет. Бұл ретте, функционалдық сауаттылық – қоғамдағы қоғамдық ахуалға байланысты екенін түсінеміз. Жоғары деңгей қоғамдағы әлеуметтік-мәдени жетістіктерін анықтауды көрсетіп, оның тұрақты дамуына кепілдік береді.

Өңірде аталған процестің оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету мазмұнындағы кешенді іс-шаралар өткізіледі.

Бұл ретте, облыс білім беру жүйесін қаржыландыру көлемі жыл сайын артып келе жатқанын атап өткен жөн. 2018 жылы білім беруді қаржыландыру көлемі 63,7 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, негізгі қаражат мыналарға жұмсалды: еңбекақы төлемдерінің құны 43,3 млрд. теңгені құрайды (68%); 3,56 млрд. теңге (6%) отын сатып алуға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін төлеуге шығындалады; 2,55 млрд. теңге (4%) интернаттық ұйымдар мен колледж оқушыларының тамақтануын ұйымдастыруға шығындалады, 1,7 млрд. теңге (2,7%) білім беру ұйымдарына күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізуге бағытталған; 1,6 млрд. теңге (2,5%) колледж студенттерінің стипендияларын төлеу қорын құрайды; 1,2 млрд. теңге (2%) оқулықтар және т.б. сатып алуға жұмсалды.

Бірнеше жыл қатарынан балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамтамасыз ету бойынша тұрақты көрсеткіш сақталуда. Қазір біздің алдымыздағы басты міндет балаларды ерте жастан мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамту.

Жалпы орта білім беру жүйесінде бастауыш және негізгі мектептер контингентінің өсу тенденциясы сақталуда. Мектептің алдында тұрған ең маңызды мақсаттардың бірі – бұл оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Яғни, мектеп бағдарламасына жан-жақты адамгершілік қызметті интегралдау қажет. Әр оқушы алған білімдерін практикада қолдана білуі тиіс. Теория күнделікті өмірдегі мысалдармен бекітілуі керек. Бұл тұлғаның әлеуметтік бағытын, сондай-ақ өскелең ұрпақ бойына өмірдегі прагматикалық көзқарасты қалыптастыру үшін маңызды.

Бүгінгі күні нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасында белгіленген негізгі міндеттер, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің түбегейлі жаңа моделі қалыптастырылуда. Төртінші өнеркәсіптік революция шарттарында еңбек нарығын дамытудың дәстүрлі моделі көп өзгеріске ұшырайды. Алдағы уақытта көптеген мамандықтар өз қажеттілігін жоғалтады және жаңа мамандықтар пайда болады. Бізге экономиканың жоғары технологиялық салаларына арналған мамандар қажет болады, сол себепті оқу орындарына

үнемі даму және қажет болған жағдайда қайта оқытуға дайын кәсіби мамандарды даярлауға басты міндет қойылады.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру мақсатында облыста барлық қажетті инфрақұрылым құрылған. Білім беру ұйымдарын автоматтандыру оқу процестеріне ғана емес, сондай-ақ әкімшілік-шаруашылық процестерге де әсер етті, оның ішінде: қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сабаққа қатысу есебі, тамақтануды ұйымдастыру, кітапханалық қызмет көрсету және т.б.

Көзделген мақсаттар мен міндеттер ҚР білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес іске асырылуда.

Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде 422 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оның ішінде 175 балабақша (168 – мемлекеттік, 7 жеке меншік), 247 шағын орталық (244 мемлекеттік, 3 жеке меншік).

Үш жастан алты жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамту 100%-ды құрайды.

Ағымдағы жылы 2-3 жастағы балаларды қамту көрсеткіші - 53,6%.

1-ден 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамту 39,5 мың баланы немесе 80,1%-ды құрайды, бұл 2017 жылғы тиісті кезеңдегі деңгейден 2,9%-ға жоғары.

Өткен жымен салыстырғанда мемлекеттік тілде оқытатын мектепке дейінгі мекемелер саны 24 бірлікке артты. Биылғы жылы олардың саны - 257 (61%, шағын орталықтар – 192, балабақшалар – 65). Мемлекеттік тілде мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылған ұлты қазақ балаларының саны 20,4 мың тәрбиеленушіні құрады (83,2%, 2017 жылы - 77,3%). Мемлекеттік тілде тәрбиеленетін және оқытатын басқа ұлт өкілдерінің балаларын қамту 18,5%-ға артты, бұл өткен жылға қарағанда 5,1%-ға артық (2017 ж. – 13,4%). Баянауыл және Май аудандарында басқа ұлт өкілдерінің барлық балалары мемлекеттік тілдегі мектепке дейінгі ұйымдарында білім алады.

Сонымен қатар, 2017 жылғы қазан мен 2018 жылғы тамыз аралығында Баянауыл ауданының Майқайың кентінде (110 орындық), Шарбақты ауданының Шарбақты ауылында (60 орындық) балабақша ашылды.

«Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында мектепке дейінгі ересек жастағы балалар үшін «Өлкетану» вариативтік компонент бағдарламасы әзірленген. Бағдарламаның мақсаты өз елінің патриотты азаматын тәрбиелеу, Отанды, өзінің шағын Отанын сүйуге, өз өлкесінің мәдени-тарихи салт-дәстүрлеріне, географиялық және табиғи ерекшеліктеріне деген қызығушылықтарын дамыту мақсатында 2018 жылғы 1 қыркүйектен «Өлкетану» курсы облыстың мектепке дейінгі ұйымдарының 376 ересек тобында 7123 бала зерделеуде.

Жалпы облыстың мектепке дейінгі ұйымдарында 4610 педагог, оның ішінде 3 мыңнан аса тәрбиеші жұмыс істейді. Мектепке дейінгі білім беру

жүйесінде жұмыс істейтін 1500 аса педагогтың жоғары және бірінші санаты бар (32,6%). Арнайы жоғары және техникалық-кәсіптік мектепке дейінгі білімі бар педагогтар үлесі 52,9%-ды құрайды.

Жалпы орта білім беру және бала құқықтарын қорғау

Облыста 362 мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектеп, сондай-ақ – дене тәрбиесі және спорт басқармасының қарамағында спортта дарынды балаларға арналған спорт мектеп-интернаты, Назарбаев Зияткерлік мектебі жұмыс істейді.

Соңғы үш жыл ішінде шағын жинақталған мектептерді жабу есебінен мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерді 41 бірлікке қысқарту тенденциясы байқалуда (2016-2017 оқу жылында – 16 мектеп, 2017-2018 оқу жылында – 16 мектеп, 2018-2019 оқу жылында – 9 мектеп).

2018-2019 оқу жылында 2016 жылдың көрсеткішін 5084 балаға арттырып, оқушылар контингенті 101 460 баланы құрады (2016-2017 оқу жылында – 96376 оқушы, 2017-2018 оқу жылында – 98558 оқушы, 2018-2019 оқу жылында – 101460 оқушы).

Ауылдық жерлерде орналасқан мектептер саны қалалық мектептерге қарағанда 3,3 есеге кем. Бұл ретте, қала мектептерінің оқушылары ауылдық мектептермен салыстырғанда әлдеқайда көп (қала – 68 908 адам, ауыл – 32 552 адам).

Облыста 15 мыңнан аса бала контингентімен 225 шағын жинақталған мектеп бар (62,4%). Шағын жинақталған мектептерде білім сапасын арттыру тірек мектептерін (ресурстық орталықтар) ашуға мүмкіндік береді. Ресурстық орталықтарды құру облыста 2011 жылдан жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта 2 қалада: Екібастұз, Ақсу қк. және 10 ауданда Тереңкөл, Ақтоғай, Павлодар, Шарбақты, Баянауыл, Железин, Ертіс, Аққұлы, Май, Успен аудандарында ресурстық орталықтар ашылған.

Ағымдағы оқу жылында 1,2,3,5,6,7,8 сыныптар жаңартылған мазмұн бойынша білім алуда, 2 пилотты мектепте (Павлодар қаласының № 39 ЖОМ, Баянауыл ауданының № 1 Майқайың мектебі) 4-сыныпта жаңа мазмұнды апробациялау жалғасуда. Облыстың барлық жалпы білім беру мектептері бес күндік оқу аптасына көшті, сабақтың ұзақтығы 40 минутты құрайды.

Үш тілде оқытуды дамыту бойынша толық ауқымды іс-қимылдар жүргізу үшін облыста үш тілде білім беруді дамытудың жол картасы іске асырылады. 2018 жылы облыста көп тілде оқытуды енгізетін білім беру ұйымдарының саны 170-тен 234-ке артты, оның ішінде республиканың пилотты мектептерінің тізіміне барлық 234 мектеп енді.

Көп тілде оқыту курсынан 955 пән мұғалімі өтті, оның ішінде 936-ы ағылшын тілінде оқыту және қосымша ақы алу құқығын беретін сертификат, 173 – А2 деңгейінде ағылшын тілін меңгеру сертификатын алды. 8 мыңнан аса пән мұғалімі жаңартылған білім беру мазмұнының бағдарламасы бойынша курстан өтті.

2018-2019 оқу жылында облыс мектептерінде 11 мыңнан аса мұғалім

жұмыс істейді. Мектеп мұғалімдерінің жалпы санынан 87,49% жоғары білімі бар. Жоғары және бірінші санатты мұғалімдер пайызы 64,5 %-ды құрайды. Аттестаттаудың жаңа форматы бойынша тестілеу рәсіміне жалпы білім беру мектептерінің 4602 мұғалімі қатысып, 3074 мұғалім біліктілік тестілеуден ойдағыдай өтті және санат алды («шебер-педагог» - 103 мұғалім, «зерттеуші-педагог» - 1298, «сарапшы-педагог» - 900, «педагог-модератор» - 773).

Жыл сайын алдыңғы қатарлы мұғалімдерді анықтау, қолдау және марапаттау, алдыңғы қатарлы тәжірибені тарату және педагог еңбегінің мәртебесін арттыру мақсатында «Үздік педагог» республикалық конкурсы өткізіледі. Ағымдағы жылы Павлодар облысының 4 қатысушысы үздік педагог атағына ие болып республикалық конкурстың жеңімпазы атанды. Жеңімпаздар «Үздік педагог – 2018» төсбелгісін, құрмет грамоталары мен 1 000 АЕК мөлшерінде ақшалай сыйақы алды.

Білім беру ұйымдарында психологтардың жұмысын ұйымдастыру мәселесі маңызды болып табылады. Жалпы облыста 569 психолог жұмыс істейді. Ағымдағы жылы 400-ден аса психолог республикалық, облыстық семинарлар, біліктілікті арттыру курстары арқылы біліктіліктерін арттырды.

Оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен жарақтандыру көрсеткіші 100%-ды құрайды.

Жаңа үлгідегі кабинеттермен қамтамасыз етудің облыстық көрсеткіші 84%-ды құрайды.

Мектеп алдында тұрған маңызды мақсаттардың бірі оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру болып табылады. Әр оқушы меңгерген білімін тәжірибеде қолдануы тиіс. Теория шынайы өмірдегі мысалдармен бекітілуі тиіс. Бұл тұлғаның әлеуметтік бағыты, сондай-ақ өскелең ұрпақ бойында өмірге деген прагматикалық көзқарасты қалыптастыру үшін маңызды.

Біздің оқушыларымыз 2007 жылдан бастап халықаралық зерттеулерге қатысуда. Биылғы жылдың сәуір айында 4,8 сыныптың 1120 оқушысы және колледж студенттері «TIMSS», «PISA», «ICILS» ауқымды зерттеулерге қатысты.

Ұлттық зерттеуге 88 жалпы білім беру мектебінің 6832 оқушысы қатысты. Өткен жылмен салыстырғанда ОЖСБ көрсеткіші жақсарған (*4-сыныптар бойынша 14-орыннан 7-позицияға, 9-сыныптар бойынша 13-орыннан 8-ге, 11-сыныптар бойынша 11-позиция*). Сонымен қатар, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту деңгейін арттыру бойынша ұтымды шаралар қабылдау қажет, оқытуды ұйымдастырудың жаңа тәсілдері қажет. Дайын білімдерді көрсету оқу материалын меңгеру бойынша оқушының жеке жұмыс жасауына орын беруі тиіс.

2018 жылы 3895 түлек оқуларын аяқтады, олардың ішінде ҰБТ-ға 2709 немесе 69,5% қатысты, бұл 2017 жылға қарағанда 1,7% жоғары. ҰБТ орташа балы – 90,96 балл. 1161 түлек 100 балдан жоғары балл алды. 208 түлек «Алтын белгі» жалпы орта білім беру туралы аттестат иегері атанды.

2018 жылы 1487 адам мемлекеттік білім беру грантының иегері атанды (2017 жылы – 1216 адам). Сонымен қатар, ағымдағы жылы өңірде сұранысқа

ие педагогикалық, медициналық және техникалық мамандықтар бойынша жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жергілікті бюджеттен сомасы 65 млн. теңгеге 200 грант бөлінді.

Дарынды балаларды қолдау жүйесін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Облыста 14 мамандандырылған жалпы орта білім беру ұйымы (контингенті – 5434): жаратылыстану-математика, қоғамдық-гуманитарлық, көп салалы, музыка, әскери және спорттық бағыттар бойынша оқытуды ұйымдастыратын лицейлер, гимназиялар, мектеп-интернаттар мен кешендер жұмыс істейді, оның ішінде қазақ тілінде оқытатын – 8, орыс тілінде – 1, аралас - 4.

2018 жылы Павлодар облысының оқушылары 212 медаль жеңіп алды, оның 53 – халықаралық және 159 республикалық деңгейде. 2018 жылғы республикалық олимпиадаға 82 оқушы қатысты, оның ішінде 41-і олимпиада жүлдегері атанды (2017 жылы – 55 жүлдегер).

Жыл сайын облыстың құрама командасы республикалық мектеп олимпиадасының нәтижелері бойынша үздік олимпиадалық команда болып табылады. 2018 жылдың оқиғалары - «Жас дарын» арнайы мектебінің 11-сынып оқушысы Мұхаммед Әли Әмірдің Бразилиядағы математикадан халықаралық олимпиададағы алтын медалі, «Білім инновация» лицей-интернатының оқушысы Рахимов Темірланның Таиландтағы химия пәнінен халықаралық олимпиададағы қола медалі, Якутиядағы (Саха Республикасы) Халықаралық физика олимпиадасында дарынды балаларға арналған №8 лицей оқушысы Басов Ярославтың қола медалі.

Облыстық бастамашыл жобалары жаратылыстану-математика циклі пәндері бойынша юниор олимпиадасы, Қ.И. Сәтбаев атындағы халықаралық олимпиада, Ә.Бектұров атындағы халықаралық химия олимпиадасы, мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған «Жауқазын» олимпиадасы, 5-6 сынып оқушыларына арналған кешенді олимпиада, жас математиктердің аймақтық турнирі болып табылады.

Облыста балалар мен жасөспірімдердің дамуы мен ұйымдастырылған демалысын қамтамасыз ету үшін 87 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді (47 мектептен тыс ұйым және 40 аула клубы). Оқу орындарының базасында әртүрлі бағыттар бойынша 4 мыңнан аса үйірмелер мен клубтар ұйымдастырылған. Оқушыларды қосымша білім берумен және мектепте сабақтан тыс уақытын қамтамасыз ету 98%-ды құрайды.

2018 жылғы жазда облыста 776 сауықтыру лагері мен алаң жұмыс істеді (оның ішінде: 765 мектеп жанындағы және профилді, 11 қала сыртындағы лагерь).

М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайы қосымша білім беру орталығы болып табылады, онда 3,8 мың баланың қамтылуымен 300 студия мен үйірме жұмысы жүргізіледі.

147 мектепте робот техникасының кабинеті, 325 мектепте шахмат үйірмелерінің жұмысы ұйымдастырылған.

Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынған "Рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласы, «Туған жер» бағдарламасын іске асыру шеңберінде тәрбие жүйесіне жаңа серпін берді, оның мақсаты патриотизмді,

азаматтық жауапкершілікті және құқықтық сана-сезімді, руханиятты және мәдениетті қалыптастыру болып табылады. «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы шеңберінде 3 негізгі бағыт (Өлкетану, Азамат, Отаным-тағдырым) бойынша 65 жоба мен іс-шаралар (11 республикалық кіші жоба және 18 облыстық жоба, 22 республикалық және 14 облыстық іс-шара,) іске асырылады.

2018 жылы білім беру басқармасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласының негізгі аспектілерін іске асыруға бағытталған мазмұндағы тәрбие жұмысының тұжырымдамасы әзірленген. 2018 жылғы 1 қыркүйектен бастап, «Менің Туым», «ЭКОboom», «Familyday», «Адал friends», «Бала-business», «Шаңырақ» 6 тәрбие беру тұжырымдамасын іске асыру бастау алды.

Облыстың оқу орындарында «Рухани жаңғыру» кабинеттерін ашу жылдың бастамашыл жобаларының біріне айналды.

Қазіргі уақытта облыста «Рухани жаңғырудың» 65 кабинеті ашылды.

«Нұр Отан» партиясы бастамашылық еткен «Мектебіме тағзым» жобасы екінші жыл қатарынан іске асырылуда. Жобаны іске асыру кезеңінде 2592 түлек жалпы сомасы 309 млн. теңгеге облыстың 298 мектебіне көмек көрсетті.

3,6 мыңнан аса оқушының қамтылуымен 218 әскери-патриоттық клуб жұмысы ұйымдастырылған.

Облыстың 246 мектебінде меншікті мұражайлары мен мұражай бұрыштары бар. Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын іске асыру мақсатында біз кең ауқымды «Ұлы дала мұрасы»-«Наследие великой степи» жобасы бастау алды, сондай-ақ оқушылар қазақ халқының тарихын, мәдениетін, этнографиясы мен тұрмыс жағдайын тереңінен зерделеу үшін этноархеологиялық бағытты дамытуға бағытталған.

Жыл сайын әскери-патриоттық бағыттағы бұқаралық іс-шаралар саны артып келеді. Осылайша, «Жас батыр», «Сарбаз», «Қыран», «Жас ұлан» әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша облыстық жарыстар, әскери даңқ мұражайлар конкурсы, сап түзеу және әндер байқауы, «Туды тік ұста» ту ұстаушы топтарының конкурсын өткізу дәстүрге айналды, оған 10,4 мың оқушы қатысады.

Павлодар облысының әскери-патриоттық клубының құрама командасы «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жиынында бас жүлдені иеленді.

Балалар туризмін дамыту аясында Павлодар облысында 2 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді: Павлодар қаласының балалар-жастар экология және туризм орталығы (БЖЭТО) (қамту 3393 оқушы) және «Ақсу» балалар эко-техноорталығы (қамту - 1761 оқушы).

Мектептер жанындағы спорт залдарды тиімді пайдалану және бұқаралық спорттың қолжетімділігін арттыру мақсатында 348 білім беру ұйымы сабақтан тыс уақытта тұрғындарға спорт залдарды тегін ұсынады. Спортпен айналысатындарды қамту 10 мыңнан аса ересек тұрғынды құрайды.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар желісі мен контингенті қысқарған, ағымдағы жылы олардың саны 379 тәрбиеленуші контингентімен 9 қалған.

Соңғы үш жыл ішінде азаматтар отбасының тәрбиелеуіне 946 бала берілді, оның ішінде қамқоршылыққа, қорғаншылыққа – 664 бала, 98 бала патронаттық тәрбиеге, асырап алуға - 184 бала берілді. 395 бала туған отбасына қайтарылды.

Баланы қабылдаушы отбасыларының саны өсті. Бүгінгі күні 40 бала 9 баланы қабылдайтын отбасында тәрбиеленуде.

Облыста ерекше білім беруді қажет ететін 6452 бала (0-18 жастағы балалардың жалпы санының 3,4%-ы) тұрады, оның ішінде 1697 мүгедек бала (ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жалпы санының 27,2%).

Облыста ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дайындау үшін 30 арнайы мекеме жұмыс істейді, оның ішінде 7 арнайы жалпы білім беретін мектеп-интернат, 7 арнайы балабақша, 4 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес, 12 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті.

Техникалық және кәсіптік білім беру

Павлодар облысында 50 техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орны жұмыс істейді (2017 ж. - 50), оның ішінде мемлекеттік – 35 (2017 ж. - 35).

Облыста жыл сайын мемлекеттік білім беру тапсырысы артып келеді. 2018-2019 оқу жылына жалпы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қабылданғаны 4945 адам, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1%-ға артты. Ағымдағы жылы жалпы қабылдау 7567 адамды құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 4%-ға жоғары (2017 жылы – 7265 адам), оның ішінде «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында – 1035 адам қабылданды.

«Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» – «Серпін» әлеуметтік жобасы аясында облыстың 8 колледжінде Қазақстанның оңтүстік өңірлерінен келген 460 адам білім алуда.

2018 жылы бітірушілер саны 6178 адамды (2017 ж. – 6550 адам) құрады, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша – 3663 (2017 ж. – 3718 адам) адамды құрады. Бүгінгі күні жұмысқа орналасқандар үлесі 75%-ды құрады. Жалпы жұмыспен қамту – 99,7%.

Осылайша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттерінің контингенті 2018 жылғы 1 қазанда экономикалық мамандық салалары үшін 82 басымдылық бойынша 21 мыңнан аса адамды құрады, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатыны – 13 мыңнан аса адам. Өткен оқу жылымен салыстырғанда контингент 432 адамға немесе 1,02%-ға артты.

Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына жолдауына сәйкес және қаржылық-материалдық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында шоғырландыруға жататын мемлекеттік органдардың ведомствоға бағынысты ұйымдарының тізбесі белгіленді. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының желісін оңтайландыру және профильдеу үшін колледждерді қайта ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Осылайша, Павлодар монтаждау колледжіне құрылыс және коммуналдық шаруашылық колледжін қосу жолымен қайта ұйымдастырылды (Облыс әкімінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 246/5 қаулысы), Павлодар көлік және коммуникациялар колледжіне темір жол колледжін қосу жолымен қайта ұйымдастырылды (Облыс әкімінің 2018 жылғы 16 қазандағы № 361/6 қаулысы). Бүгінгі күні Екібастұз политехникалық колледжін Екібастұз құрылыс-техникалық колледжін қосу жолымен қайта ұйымдастыру, № 3 Павлодар колледжін № 1 Павлодар колледжін және № 2 Павлодар колледжін қосу жолымен қайта ұйымдастыру туралы қаулы жобасы келісімдеу үстінде.

Барлық аграрлық колледждерді Красноармейка аграрлық-техникалық колледжі базасына біріктіру бойынша жоба іске асырылуда.

12 оқу орынның ұйымдастыру-құқықтық нысанын коммуналдық мемлекеттік қызыналық кәсіпорыннан шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға өзгерту туралы қаулы жобасы дайындалған.

Облыс бюджетінің жүктемесін азайту үшін колледждерді сенімгерлік басқаруға беру бойынша жұмыс жүргізілуде. Он аграрлық колледждің екеуі білім беру профилін сақтай отырып, бес жылға ірі ауыл шаруашылыққа – Тереңкөл ауданының аграрлық-техникалық колледжі «Агро-Даму» ЖШС, Ертіс аграрлық-техникалық колледжі «Уразбаев» ш/қ берілді. Сонымен қатар, Екібастұз тау-кен-техникалық колледжі Инновациялық Еуразия университетінің Екібастұз колледжіне сенімгерлік басқаруға берілді. Осылайша, облыстың аграрлық колледждерінің менеджмен жүйесін қайта ұйымдастыру аясында облыстың ауылдық аграрлық-техникалық колледждерін Красноармейка аграрлық-техникалық колледжі базасында бірыңғай колледжге біріктіру туралы шешім қабылданды.

Бүгінгі күні өңірдің еңбек нарығы үшін кадрларды даярлау сапасын жақсарту мақсатында облыстың 46 (90,1%) колледжінде 52 мамандық бойынша колледждердің 3,5 мыңнан аса студенттің қамтылуымен дуальды оқыту жүйесі іске асырылуда. Жалпы дуальды оқытумен қамтылған мамандықтарды 1,1%-ға артқаны байқалады.

Жыл сайын аталған оқытуға жұмылдырылған кәсіпорындар саны артып келеді. 2015-2018 жылдары аралығында дуальды оқыту бойынша білім алғандарды жұмысқа орналастыру үлесі дәстүрлі бағдарламалар бойынша білім алғандарды жұмысқа орналастыру үлесімен салыстырғанда 2018 жылы 5,5%-ға жоғары.

600-ден аса келісім-шарт пен меморандум жасалды, оның ішінде «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы, «Самрұқ-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры және химия-механикалық, көлік және коммуникациялар және Екібастұз тау-кен техникалық колледждері, «Алюминий Қазақстана» АҚ мен түсті металлургия колледжі, «Қазхром» ҰКК АҚ филиалының Ақсу ферроқорытпа зауыты және Ақсу қара металлургия колледжі және т.б. Білім беру басқармасы мен аймақтық кәсіпкерлер палатасының қатысуымен бес жақты келісім-шарт «Победа» ЖШС мен Шарбақты аграрлық-техникалық колледжі, «Уразбаев» ШҚ мен Ертіс аграрлық-техникалық колледжі, Ақтоғай

Агро» ЖШС мен Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжімен жасалды.

Сонымен қатар, облыс колледждері білім алушыларды тарта отырып, 2189 жеке келісім-шарт жасады.

«Баршаға арналған тегін кәсіптік техникалық білім беру» жобасының Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын іске асыру аясында облыстың 34 колледжінде модульдік-құзырлық оқытуға көшу сынақ ретінде жүзеге асырылған. Аталған колледждер оқу жоспарларына әлеуметтік әріптестердің талаптарына сәйкес модульдер енгізілген.

Техникалық және кәсіптік білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін 22 мемлекеттік колледжде жатақхана жұмыс істейді. 2017 жылы демеушілер қаражаты есебінен салынған әрқайсысы 200 орындық екі жатақхана (Павлодар монтаждау колледжі жанында, Павлодар түсті металлургия мен монтаждау колледжі жанынан) пайдалануға берілді.

«Баршаға арналған тегін кәсіптік техникалық білім беру» жобасын іске асыру аясында, 2019 жылы 3 жатақхананың құрылысын салу жоспарланған: Павлодар көлік және коммуникациялар және Ақсу қара металлургия және Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледждері жанынан әрқайсысы 200 орындық.

Жастарды кәсіптік мамандықтарға баулу мақсатында кәсіптік бағдар беру жұмысын қоса алғанда бірқатар іс-шаралар: ашық есік күндері; «World Skills Kazakhstan» және «Мамандығы бойынша үздік» атты барлық деңгейлердегі кәсіби шеберлік конкурстар; экскурсиялар және арнайы өнеркәсіптік кәсіпорындар өкілдерімен кездесулер өткізіледі.

2018 жылы көлік және коммуникация колледжінің студенттері «Робот техникасы» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Kazakhstan» республикалық чемпионатында алтын иегері атанды, сондай-ақ Ақсу қара металлургия колледжінің түлегі «Токарлық іс» құзыреттілігінде қола медалінің иегері атанды.

Кадрларды халықаралық стандарттарға сәйкес даярлау үшін аймақтағы колледждерді халықаралық және республикалық қауымдастыққа енгізу жөніндегі жұмыс басталды. Осылайша, Павлодар түсті металлургия колледжі Халықаралық дәнекерлеу институтының мүшесі болып табылатын Қазақстандық «KazWeld» дәнекерлеу қауымдастығына, Павлодар қызмет көрсету саласы колледжі Қазақстан Республикасының сән индустриясы қауымдастығына енді.

Сонымен қатар, түсті металлургия колледжі базасында металлургия саласы үшін құзыреттілік орталығы, бизнес-колледжі базасында – IT-технологиялар, Красноармейка аграрлық-техникалық колледжі – аграрлық салалар құрылатын болады.

ТЖКБ жүйесінде білім беру қызметтерінің сапасы колледждердің акредитациядан өту жолымен қамтамасыз етіледі. Бүгінгі күні облыстың 8 колледжі халықаралық акредитациядан өтті.

Облыстың 34 колледжінде модульдік-құзырлық оқытуға көшу сынақ ретінде жүзеге асырылған. Аталған колледждер оқу жоспарларына әлеуметтік

әріптестердің талаптарына сәйкес модульдер енгізілген.

1-деңгейде студенттер 3 жұмысшы біліктілікке дейін, 2-деңгейде – орта буын мамандығын меңгереді.

Білім беру жүйесін цифрландыру

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру аясында облыста өңірдің білім беру жүйесін дамыту және көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға бағытталған цифрландыру бойынша жобалар енгізілуде.

Облыс білім беру ұйымдарының компьютерлік бағы 20,3 мыңнан аса бірлікке есептелген. Бір компьютерге қалада 5,0 оқушыдан келеді, ауылда – 3,7.

Облыстың барлық мектептері кең жолақты интернетке қосылған, мектептерде 4 Мбит/сек және одан жоғары интернет жылдамдығы 100% бар. WI-FI көлемін кеңейтумен қамтамасыз ету 100%-ды құрайды. Оқушылардың жетістіктері мен мониторингілеудің бірыңғай ақпараттық жүйесіне 362 мектеп қосылған (2017 жылы – 340). Облыстың барлық мектептеріне қолжетімді «BilimLand» білім беру платформасын белсенді пайдалануда (онлайн режимінде - 310, офлайн – 52).

2018 жылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және мектеп процестерін автоматтандыру (мектепке бөгде адамдардың кіруі, мектеп асханаларында оқушыларға қызмет көрсету және ақшасыз есеп жүргізу, кітапхана қорын қайдалану) мақсатында Ақсу қаласының 2 мектебіне (№ 2, Үштерек ауылының мектебі) және «Жас дарын» мамандандырылған мектебіне «Қауіпсіз мектеп» жобасы енгізілген.

Облыстың 41 жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептеріне коворкингтердің аналогы бойынша "Teacher's office" заманауи мұғалімдер бөлмесі жобасы іске асырылуда. Облыстың қалған мектептеріне аталған жобаны тираждау бойынша жұмыс жүргізілуде.

«Нұр Отан» партиясымен бірлесіп, тең жартысы ауылдық мектептерде бар еуропалық стандарттар бойынша бағдарламалау дағдыларына үйрететін «Балаларға арналған 20 тегін IT-сынып» ашылды. 3000-нан аса оқушы қамтылған.

Балабақшалар, мектептер, колледждерде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Балаларды мектепке қабылдау мемлекеттік көрсетілетін қызметті автоматтандыру үш қалада (Павлодар, Екібастұз, Ақсу қалалары) және Май ауданында енгізілген. Жалпы Павлодар облысында мектепке электронды жазылу 362 мектептің 135-не (37,2%) енгізілген (Павлодар қ. - 42, Ақсу қ. - 26, Екібастұз қ. - 40, облыстық мамандандырылған мектептер - 14, Май ауданы - 13).

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметін автоматтандыру 422 мектепке дейінгі ұйымның 189-на (44,7%) енгізілген (Павлодар қ. - 100, Ақсу қ. - 29, Екібастұз қ. - 45, Май ауданы - 15).

2018 жылдың наурыз айынан бастап «Қазақтелеком» АҚ пилотты

режимде «Бухгалтерлік және кадрлық есеп» жобасы апробациялануда.

Аталған ақпараттық жүйе есептеп қана қоймай, мекеме бойынша жалпы аналитиканы қамтамасыз етеді. «1С: Бухгалтерия», тарифтеу, ҰБДҚ, кадрлық есеп сияқты бағдарламалармен қосымша интеграциялау еңбек шығындары мен есеп жүргізуді жеңілдетеді, сондай-ақ қағаз жүзіндегі құжат айналымын қысқартады, себебі барлық есептер білім беру бөліміне онлайн режимінде көрсетіледі. Бүгінгі күні жоба Павлодар қаласының барлық білім беру ұйымдарына енгізілген, 400-ден аса қызметкер оқытудан өтті.

Бүгінгі күні облыстың 29 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымына Platonus ақпараттық жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Колледждің оқу-тәрбие процесі, контингент қозғалысын автоматтандыру, студенттердің үлгерімін мониторингілеу, ата-аналар бақылауы, есептерді қалыптастыру туралы ақпарат жинау, сақтау және пысықтау үшін қызмет етеді.

Жастар мен оқушыларға оқу бағыты мен болашақ кәсіп қызмет саласын таңдауда кәсіби бағдар беру мақсатында Павлодар облысының барлық колледждері туралы ақпараты бар «Колледж талапкері» порталы әзірленген.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын енгізу аясында облыс тұрғындарын цифрлық сауаттылыққа үйрету үшін «Базалық цифрлық дағдылар», «Ашық үкімет», «Электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызмет» және «Электронды сауда» бағыттары бойынша курстар ұйымдастырылған. 2018 жылдың жазғы кезеңінде кестеге сәйкес, Павлодар облысында цифрлық сауаттылық бойынша белсенді тұрғындардың 15 771 адамы оқытылды, оның ішінде 9 771 адам ауылдық жерден. Министрлік бекіткен нысаналы көрсеткіш 10 000 оқытылған адамға жетті. 2018 жылға арналған цифрлық сауаттылыққа оқыту аяқталды.

Мемлекет Басшысының Бағдарламалық құжаттары мен білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды одан әрі ойдағыдай іске асыру үшін **2019 жылға келесі міндеттер қойылды:**

- 2-ден 3 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуды арттыру, оның ішінде бизнесті тарту есебінен;

- заманауи пәндік-даму ортаны құру және жаңа әдістер мен инновацияларды енгізу;

 - материалдық-техникалық базаны жаңарту және нығайту;

 - инновацияның тиімді әдістемелік бағытын қамтамасыз ету, оның ішінде жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу, көп тілде оқыту, оқытудың инновациялық технологияларын қолдану, сертификатталған мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін тарату;

 - ОЖСБ, халықаралық зерттеулер көрсеткішін жақсарту;

 - қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқыту сапасының айырмашылығын қысқарту мақсатында шағын жинақталған мектептер желісін оңтайландыру;

 - білім беру жүйесін цифрландыру жобаларын іске асыру;

 - оқушылар мен колледж студенттерінің патриоттық және адамгершілік-рухани тәрбиесі, олардың бойында азаматтық, патриоттық сезімді, «Мәңгілік

ел» ұлттық идеясының құндылықтарына қарай бағыттау, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуы (инклюзивті білім беру) үшін жағдай жасау және жағдайларын жақсарту;

- балалардың құқығын қорғау, олардың өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету, аз қамтамасыз етілген, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау;

- білім беру ұйымдарын кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету;

- өңірдің еңбек нарығына қажетті бәсекеге қабілетті студенттерді даярлау үшін жұмыс берушілерді ТЖКБ жүйесін дамытуға тарту;

- жатақхана салу жолымен студенттерге жатақханадан орындар беру бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Состояние системы образования области по итогам работы за 2018 год и задачи на 2019 год

Введение

Павлодарская область – это крупный индустриальный центр Казахстана, представляющий собой многоотраслевой промышленный комплекс. Для дальнейшего развития региона нам нужны квалифицированные кадры в различных сферах жизнедеятельности, обладающие главными функциональными качествами личности. При этом мы понимаем, что от уровня функциональной грамотности – зависит общественное благополучие общества. Высокий уровень указывает на определенные социокультурные достижения общества, гарантирует его устойчивое развитие.

В регионе проводится комплекс мероприятий по содержательному, учебно-методическому, материально-техническому обеспечению данного процесса.

Здесь необходимо отметить, что ежегодно увеличивается объем финансирования системы образования области. Объем финансирования образования на 2018 год составил 63,7 млрд. тенге. При этом основные средства направлены: 43,3 млрд. тенге (68%) составляет фонд заработной платы; 3,56 млрд. тенге (6%) расходуется на приобретение угля, оплаты коммунальных услуг и услуг связи; 2,55 млрд. тенге (4%) расходуется на организацию питания учащихся интернатных организаций и колледжей, 1,7 млрд. тенге (2,7%) нацелены на проведение капитального и текущего ремонта организаций образования; 1,6 млрд. тенге (2,5%) составляет фонд оплаты стипендий студентам колледжей; 1,2 млрд. тенге (2%) направлены на приобретение учебников и др.

В области на протяжении многих лет сохраняется устойчивый показатель по обеспечению детей дошкольным образованием. Сейчас перед нами стоит задача по увеличению охвата дошкольным воспитанием и обучением с раннего возраста.

В системе общего среднего образования сохраняется тенденция роста контингента начальной и основной школы. Одной из самых важных целей, которая стоит перед школой - это формирование функциональной грамотности школьников. То есть, необходимо интегрировать в школьную программу многоплановую человеческую деятельность. Каждый школьник должен уметь применять получаемые знания на практике. Теория должна закрепляться примерами из реальной жизни. Это важно, как для социальной ориентации личности, так и для формирования у молодого поколения прагматичного взгляда на жизнь.

